

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.67>

Volume 3, Number 331 (2020), 70 – 76

С. Тлеубаев, Г. Халидуллаева, А. Шегебаев, А. Қырғызбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: khalidullaeva1995@mail.ru, Aibek.shegebaev@gmail.ru

**Т. ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Аннотация. Т. Әбдікәкімов – қазіргі қазақ әдебиетінде поэзиядағы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін постмодернист акын. Акын өлеңдері танымдық жағынан ұлттық және көне түркілік, сондай-ақ жеке және жалпыадамзаттық білім тәжірибелерімен астасып жатқан ұғымдарды кең түрде берумен ерекшеленеді. Ол ұғымдарды танымдық категория ретінде анықтайтын болсақ, автор шығармашылығындағы концептілерге тоқталамыз. Поэзияға концептілік талдау жасау арқылы концептілердің мәтіндегі кодтық, таңбалық, символдық, архетиптік, сакральдық, эмоциялық мәнін аша отырып, сана ағымымен байланысты мәтінде көрініс табатын және мәтіннен тыс факторларды да интерпретациялаймыз. Сонда концепт дегеніміз – біздің түсінуімізше, сана ағымындағы күрделі мағыналардың қандай да бір тілдік бірлік арқылы кодталған формасы. «Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады». Осы ретте «әдеби теорияның түзілімін айқындайтын», Платоннан бастау алатын әдебиеттің негізгі өлшемдерінің бірі – «әдебиет туралы айтылатын ғаламдық шындықтар» концепт арқылы анықталады деуге толық негіз бар. Шығармаға концептілік талдау жасауда концепт болатын бір ғана сөзге қатысты көптеген мағыналар толық ашылады және ол сөздің шығарманың өмірге келуіндегі таңбалаушы рөлі мен автор танымында алатын орны айқындалады. Яғни тіл, соның ішінде бір ғана тілдік бірлік шығарма мәтнінде өзінің лексикалық мағынасынан тыс, анағұрлым кең түрдегі, өз қолданысының барлық уақыттары мен кеңістіктерін қамтитын мағыналық өрісімен, өзінің дербес, тірі табиғатын сақтай отырып, одан ары автор қолданысы арқылы жаңаша бір мәнде толығымен отырып қолданылады. Бұдан келін біз сөздердің өлеңге, яғни шығармашыл тұлғаға әсер етуін, сондай-ақ керісінше, шығармашыл тұлғаның да тілдегі сөзге әсері анықталады. Бұл жерде концептілердің символдық мәні үлкен маңызға ие. «...символ дегеніміздің өзі – сөздің энтелехияға (ішкі ниет, мақсатқа, қозғаушы күшке) айналуы». Поэзиядағы концепт өзінің контекстегі түрліше функциялары арқылы сөз қуаты мен адам жанының біртұтас құбылысындағы факторларды айқындайды. Гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, ой-сурет сынды концепт типтері мен концепт түзуші әдістер шығармашыл тұлғаның тілді қолданудағы танымдық танымдық ерекшеліктері мен сана ағымы, ал концептінің мағыналық өрісінен көрініс табатын эмоциялық қабаттан автордың жан күйі көрінеді. Концептілік талдаудың маңызы да осында.

Түйін сөздер: концепт, концептілік талдау, гештальт, сана ағымы, таным, тілдік таңба.

Кіріспе. Т. Әбдікәкімов өлеңдері танымдық жағынан ұлттық және көне түркілік, сондай-ақ жеке және жалпыадамзаттық білім тәжірибелерімен астасып жатқан ұғымдарды кең түрде берумен ерекшеленеді. Ол ұғымдарды танымдық категория ретінде анықтайтын болсақ, автор шығармашылығындағы концептілерге тоқталамыз. Шығармаға концептілік талдау жасаудың маңызы концепт терминінің ерекшелігін айқындаумен көрінеді. Концептілерді анықтау шығарманы дәстүрлі құрылымнан тыс, танымдық тұрғыдан алып бөлшектеп, гештальттар теориясы негізінде сөз-таңбалардың сана ағымындағы рөліне байланысты өзгеше бір құрылымға қайта тұтастыру арқылы жүзеге асады. Сол арқылы өлең мәтінінің түрліше қабаттары концептосферада әлемнің тілдік бейнесін автор танымы тұрғысынан айқындайды.

Материалдар және әдістер. Поэзияға концептілік талдау жасау арқылы концептілердің мәтіндегі кодтық, таңбалық, символдық, архетиптік, сакральдық, эмоциялық мәнін аша отырып, сана ағымымен байланысты мәтінде көрініс табатын және мәтіннен тыс факторларды да интерпретациялаймыз. Сонда концепт дегеніміз – біздің түсінуімізше, сана ағымындағы күрделі

мағыналардың қандай да бір тілдік бірлік арқылы кодталған формасы. «Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады» [1, 37]. Осы ретте «әдеби теорияның түзілімін айқындайтын» [2, 13], Платоннан бастау алатын әдебиеттің негізгі өлшемдерінің бірі – «әдебиет туралы айтылатын ғаламдық шындықтар [2, 13]» концепт арқылы анықталады деуге толық негіз бар. Шығармаға концептілік талдау жасауда концепт болатын бір ғана сөзге қатысты көптеген мағыналар толық ашылады және ол сөздің шығарманың өмірге келуіндегі таңбалаушы рөлі мен автор танымында алатын орны айқындалады. Яғни тіл, соның ішінде бір ғана тілдік бірлік шығарма мәтінінде өзінің лексикалық мағынасынан тыс, анағұрлым кең түрдегі, өз қолданысының барлық уақыттары мен кеңістіктерін қамтитын мағыналық өрісімен, өзінің дербес, тірі табиғатын сақтай отырып, одан ары автор қолданысы арқылы жаңаша бір мәнде толық отырып қолданылады. Бұдан келін біз сөздердің өлеңге, яғни шығармашыл тұлғаға әсер етуін, сондай-ақ керісінше, шығармашыл тұлғаның да тілдегі сөзге әсері анықталады. Бұл жерде концептілердің символдық мәні үлкен маңызға ие. «...символ дегеніміздің өзі – сөздің энтелехияға (ішкі ниет, мақсатқа, қозғаушы күшке) айналуы» [3, 68]. Поэзиядағы концепт өзінің контекстегі түрліше функциялары арқылы сөз қуаты мен адам жанының біртұтасу құбылысындағы факторларды айқындайды. Гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, ой-сурет сынды концепт типтері мен концепт түзуші әдістер шығармашыл тұлғаның тілді қолданудағы танымдық танымдық ерекшеліктері мен сана ағымы, ал концептінің мағыналық өрісінен көрініс табатын эмоциялық қабаттан автордың жан күйі көрінеді. Концептілік талдаудың маңызы да осында.

Т. Әбдікәкімов поэзиясында тақырыбы мен поэтикалық ерекшелігіне байланысты концептілердің көптеген түрі кездеседі. Мысалы, бір ғана «Ажал даласындағы тірі тас» [4, 29] өлеңінде дала, күн, топырақ сынды ұлттық концептілер; жан, мұң, тағдыр сынды метафизикалық концептілер, сондай-ақ табиғат, жер сынды макроконцептілер берілген. Дала – қазақ ұлты үшін еркіндіктің, кеңдіктің символы, сондай-ақ ұлттық мінездің баламасы, елдіктің, мемлекеттіктің нышаны. Автор дәл осы мағыналарды дайын күйде пайдалана отырып, оған өзінің көңіл күйі мен жан тебіренісін ұғымға жан бітіре отырып, өзіндік мінез-құлқын ашып, сырлы сипатта бейнелейді. Сонда біз концептілер арқылы, алдымен, концепт болатын тілдік бірлік арқылы кодталған білімдер жүйесін ашамыз, содан кейін контекстегі мәніне қарай авторлық көңіл-күй мен сана ағымын айқындаймыз.

Өлең – жанның күйі. Өлең – шығармашыл тұлғаның жан сарайынан төгілген сәуле сынды. Өлең – құбылыс. Кейде өлең ішіндегі кеңістікте автор мен оқырман қауышатын да сияқты, ал кейде автордың ақыл-парасат әлемі өлеңде өмірдің өзінен де биік болып, оқырманды асқақ ойларға жетелеп отырады. Өлеңдегі сафтық пен мөлдірлік арқылы оқырман өз болмысына, жанның түкпіріндегі ақыл мен сезім күйлеріне бойлайтыннан болар, өлең – мәңгі. Біз өлеңді ақынның өзі ғана кешкен сезімін «сөзге» айналдырып, оқырманының жан жүйесіне қозғау салар құдіретті ойларымен танымыз.

Автор өлеңдерінде Тағдыр, Уақыт, Шексіздік, Жан мен Тән ұғымдары ғарыштық деңгейде, ал Адам ұғымы ғаламдық деңгейде айтылады:

Шексіздіктен Сен де бірде оралдың,
Шексіздіктен Мен де бірде оралдым...
Жанарына құйып алып ғаламды,
Біздің ортақ Тағдырымыз жаралды!»

Мұнда ақын адамның жаратылысы, фани мен бақи жайлы айтады. «Шексіздіктен Сен де бірде оралдың», – деуінде қаламгердің өмір жайлы философиясы жатыр. Ақынның өлеңдері терең танымдық ой негіздеріне құралады. Онда халықтық білім тәжірибелері де көрініс тауып отырады. Ақын танымындағы шексіздіктен оралу деген ой адам баласының бір ғана өмірі емес, шексіздік аясында рухы жаралған уақыттан бастап бұл өмірге келгенге дейін де бар болатыны жайлы ұғындырады. Тағдыр ұғымы кең масштабта ғаламмен байланыстырылады: «Жанарына құйып алып ғаламды, Біздің ортақ Тағдырымыз жаралды! Мұнда таныммен байланысты құбылыстар тікелей адамның сезім қабілеттері арқылы жүзеге асатыны айтылады. Адамда бес түрлі сезім мүшесі болатын болса, соның бірі – көзбен көру. Расында көзбен көрген сырт құбылыстардың бәрін саналы және бейсана күйде адам қабылдайды. Табиғатта бәрі реттілікпен, үйлесіммен, әсемдікпен, көркемдікпен адам санасына құйылады. Адам табиғатты тағдырына айналдыратын тәрізді, себебі

адамның жан байлығы мен ой байлығы, арман-қиялы – табиғаттан. Автордың ғалам дегені – жер беті, табиғат. Автордың қай шығармасын алып қарасақ та, адам мен табиғат үйлесімі бірде адам ойының табиғатқа, бірде табиғат көріністерінің адамның ішкі әлеміне бағытталып отыруы арқылы суреттеледі.

Бішқындырып уақыттың сартабы,
Іздегенде Жан мен тәнге ортақ үн,
Биіктік боп көріндің ғой, ардағым,
Тереңдік боп, мен өзіңді тартамын!

Автор адамға тән барлық жан күйлерінің уақытпен байланысты, уақытқа қатысты, уақытқа тәуелді екенін айта келіп, Жан мен тәннің ара жігі мен бірлігі «үн» ұғымы арқылы айқындайды. Мұндағы «үн» ұғымы – абстрактілі ұғым. Жан мен тәнді біріктірудің ортақ бір нысаны сынды. Ал биіктік пен тереңдік оппозициясы өлеңде жырланатын екі адамның қашықтығы – қашықтығының қиялдағы өлшемі іспетті.

Мәңгіліктің тынысы едің Сен-дағы.
Мәңгіліктің тынысы едім Мен-дағы.
Мыйымызда шыңғырыс бар, аңдағын
және жылы жымыс бар қандағы...

Автордың адамды Мәңгіліктің тынысына теңеуі – адам жанын күллі жаратылыспен тұтастықта қарауы, тіпті өз ұғымындағы осы өмірден де тыс өзге бір кеңістікпен байланыстыруы. Өлеңде адам ұғымы кең арнада бейнеленген. Адамның осы өмірге дейінгі де жаратылыстың бір бөлшегі ретінде бар болатыны және күллі жаратылыспен мызғымас үйлесімде болатыны айтылады. Дәл сондайлық өлшемде адам мен оның жекелеген бөліктері: миы, қаны сынды негіздерінің арасындағы алмасып отыратын құбылыстарды үлкен бір кеңістік деңгейіне көтереді. Мидағы шыңғырыс, қандағы жылы жымыс – адамның мәңгіліктің тынысы екендігін аңдататын белгі ретінде беріледі. Адамның сырт әрекеті арқылы көрінетін қасиеттерін автор миға, қанға теліп суреттеу арқылы адам жаратылысының күрделі бейнесін көркем түрде, құбылыс ретінде алып суреттейді.

Шаттығымыздың нұры ойнаған көз жасын
сақтауы үшін маған сенген әз басың,
сақтауы үшін саған сенген өз басым,
жылынамыз бірімізге біріміз,
сыйынамыз бірімізге біріміз!
Аллатағала, Сіз де өзіңіз біліңіз,
еш құдаймен бөліспейміз мұны біз!

Автор шығармаларында көз концептісі ерекше орын алады. Өзге бір өлеңінде автор көз ұғымымен байланысты көз жасы ұғымы жайлы: «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі», – деп айтады. Көз – адам жанының айнасы болатын болса, автор көздің жасын жан әлемінің бүршігіне теңейді. Көздің жасы – жан құбылысы, ол жанның сұлу күйінен сыр шертеді. Табиғат құбылыстары адам жанының құбылыстарымен бірлікте: табиғат аясындағы әрбір талдың, гүлдің бүршігі болатын болса, адам жағнының да бүршік жаратын кезі болады, жанның да бүршігі болады. «Шаттығымыздың нұры ойнаған көз жасын сақтауы үшін маған сенген әз басың», – деуінде де жан күйлерін көзбен байланыстырады. Біз өлеңді танымдық тұрғыдан талдап отырғандықтан, өлеңді автор танымымен байланыстырып қарастырамыз. Яғни негізгі зерттеу нысанымыз – мәтін болғандықтан, мәтінде көрініс табатын ойлау жүйесін, тілдік таңбалар арқылы кодталып берілетін ақпараттарды ашуға тырысамыз. Сол арқылы автор танымында көрінетін білімдер мен тәжірибелер жүйесі жайлы сөз қозғаймыз.

Концептілер автор танымын жүйелеуде ерекше қызмет атқарады. Оны біз қаламгердің келесі өлеңіне көңіл бөле отырып анықтамақпыз:

Тектік өскін – сиқырлы жіп.
Анық ақ пен қарасы.
Жарқ-жұрк етіп жалғап жатыр Көк пен жердің арасын.
Қиялдай біл.
Сауап болар құмарды да шектеме.
Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе.

Жазмышына – су да себеп.
Аң мен құс та жебесер.
Соғыс – өртен.
Одан қаулап әділетті ел өсер.
Хақ табиғат дін іздемес, зат секілді тұтарға.
Қаңғып шыққан сұм ойды да ұлестіретін жұпарға.
Сезімдерден ашытылған тірі шарап – көңілдің.
Ақылыңмен аялап іш.
Әуен сыйлар не бір үн.
Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі.
Сорлап қалған кезінде де жымияды тіршілік.

Күнәлардың бәрі – өткінші, мәңгіліктің жолында.
Дертті вирус.
Тағдырына айтары бар оның да.
Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жыларға.
Тән де өлмейді.
Айналады жасыл текті құнарға.

Мөлдір Тәңір маусымына көшсе-дағы келесі,
Әр тал шаштың көзінен де мейірімді көресің.
Бек жасампаз Құдай заңы бұлжымайды.
Өте әділ.
Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады... [5]

Біз акын өлеңін біртұтас күйінде ала отырып, оның әрбір жолына ерекше мән береміз. Себебі өлеңнің әрбір жолы, әрбір сөзі автордың жанынан өріліп, ішкі ой ағынының жарыққа шығарады. Ал ой мен сана ағымы әр сөзден де ерекше бір ырғақ негізінде көрініс тауып отырады. Және сол сөздердің ішінде кей сөздер автордың ойы мен санасының кодталған бірлігі ретінде дайын күйінде өлеңде беріледі. Ондай сөздер өзге сөздерден мағыналық аясының кеңдігімен және қаламгердің танымдық тәжірибесін жалпыадамзаттық не ұлттық кеңістіктегі білімдер тәжірибесімен ұштастырып жатуы арқылы да ерекшеленеді. Ондай сөздерді біз концепт деп атаймыз. Автордың біз келтірген өлеңінде *ауа*, *су*, *тағдыр*, *соғыс*, *табиғат*, *көз*, *күнә* және *өлім* концептілері көрініс табады. Бұл ұғымдарды толығымен концепт ретінде тани аламыз, өйткені дәл сол ұғымдар арқылы адамзат өзінің білімі мен өмірлік тәжірибесін, сондай-ақ көрген, білген құбылыстарын кодтап отырған. Әрі ол ұғымдардың эстетикалық мәні айқын, философиялық, психологиялық, діни танымдық сипаттары да кең және тілімізде формалық жағынан біршама тілдік бірліктерді қамтиды. Алдымен ауа концептісіне тоқталатын болсақ, ауа – тіршіліктің негізі. Біз ауамен тыныс аламыз, біз ауа кеңістігінде өмір сүреміз. Ауа – ол аспан, ол Көк. Адам рухы ауадан жаратылған делінеді. Сол себепті де, адам қатты қуанғанда, шаттанғанда, рухы көтерілгенде, өзін жеңіл сезінеді. Автордың: «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуі ауаның текке жаратылмағанын, адамға ауаның өзі жаратылыстың қандай да бір сырын ұқтыруға негізделетінін айта отырып, оған жан бітіреді.

Ал су концептісіне тоқталатын болсақ, су – ол төрт стихияның бірі, адам жаратылысындағы төрт негіздің бірі. Діни таным-түсінік бойынша, адамның көңілі судан жаратылған делінеді. Мысалы, тілімізде «көңіл көңілден су ішеді» деген мақал сақталған. Ең алдымен, су – тіршілік көзі, онсыз өмір жоқ. «Жазмышына су да себеп» – мұнда автор суды адам тағдырымен байланыстырады. Мұнда тағдыр концептісі де бар. Өлеңде суға қатысты тікелей химиялық құбылыс айтылады. Адам ағзасының басым бөлігін су құрайтын болғандықтан, анығында судың адам өмірі үшін, адам тағдыры үшін маңызды болатыны анық. Автор су ұғымын сондай қасиет-сипаттары негізінде ассоциативтік мән-мағынасы қалыптасқан дайын сөз күйінде қолданып тұр. Концепт – өте кең, өз аясында адам танымы, қабылдауы, есте сақтауы сынды психологиялық қабілеттерін танытатын тілдік бірліктерді білдіреді. Мысалы, дәл осы су концептісі адамзаттың қаншама жылдық су жайлы ой-пікірлері мен ассоциациясының орталығы болып саналатын негізгі ұғымды білдіреді. Су жайлы аңыздар мен суға қатысты мифтер де жетерлік. Ал поэзиялық шығарманың өмірге келуі барысында автордың ойында соның бәрі де жаңғырып тұруы мүмкін,

немесе автор концепт болатын сөздерді қарапайым ғана ең негізгі мағынасында қолдануы мүмкін. Ал біз қарастырып отырған өлеңде концептіні қолдану барысында автор ұғымның барлық мағынасын толығымен жаңғыртып отырып қолданған. Ол жерде судың адам тағдырына тікелей ықпал ететіні физиологиялық тұрғыда ғана мәнді деп түсіне алмаймыз. Бәлкім одан да кең тұрғыдан түсінуге болатын шығар?! Судың адамзат тарихында да алатын орны үлкен ғой. Алланың адамды жаратқанда суды пайдаланғанынан бастап, жер бетінде күнәлі істер қаптағанда топан су басып, тіршіліктің қайта түлеуінде де тарихтан сумен байланысты аңыздар кең таралып жеткен. Ақын суды адам тағдырына бағыттай отырып, тура мағынасында ауаның өкпе арқылы адам бойына тарауын тек химиялық реакция ретінде ғана емес, күллі жаратылыс құбылыстарының бірі ретінде ол құбылысқа да терең сыр дарытады. Сондай-ақ соғыс концептісі, табиғат концептісі де күллі жаратылыстың бір бөлігі ретінде беріледі.

Көз концептісі – тұтас бейнелі ой-суреттер ішінде көрініс табады: «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі». Мұнда адамға тән психикалық құбылыс сыртқы ортаға, табиғатқа бағытталып тұр. Сол арқылы автор адам мен табиғат арасындағы айналымды шебер түрде береді. Ал «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуінде керісінше, сырт құбылыстың адамға қарай бағытталуы беріледі де, одан әрі өлеңнің эстетикалық сипаты «Сорлап қалған кезінде де жымияды тіршілік» деген жолдар арқылы көркем түрде шарықтайды. «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі» – мұнда көз концептісі гештальт құрылым арқылы жаңаша сипатқа ие болып отыр. Автор ұғымында көз бен бүршік біртұтас ортақ сипаттарға ие болып, белгілі деңгейде бірігіп отыр. Концептілердің түзілуінде гештальт құрылым өлеңнің бірқатар жолдарында көрініс тауып отыр. Күнә концептісі де гештальт құрылым арқылы автор танымында жаңаша сипатта жаңғырып тұр. Автор күнәні дертті вирусқа теңейді. Қандай да сапа-қасиеттер, не ассоциативті түсініктер екі ұғымды біріктіріп тұр.

Автор танымында концептілер жаңаша мәнге ие болып, мағыналық жағынан толығып та отырады. Өлеңнің кейінгі жолдарында тағдыр концептісі жанама түрде, өзге концептілермен байланысты беріледі. Ал өлім концептісі ажал скрипті арқылы беріледі. Автор өлім концептісіне мүлде жаңаша мән үстейді: «Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жыларға. Тән де өлмейді. Айналады жасыл текті құнарға». Автор өлімді жаңа бір өмірдің басы болатынын тәннің жасыл текті құнарға айналып кетуін айту арқылы білдіреді. Өлім – метафизикалық концепт. Автор өлімді бір күйден екінші бір күйге алмасудағы трансформациялық жол екенін айтады. Өлең соңындағы: Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады...» – деуі аяқталған біртұтас ойлардан кейін берілген жаңа бір өлеңнің басы сынды, дәл сол ойларды өзге арнамен толықтыра отырып, аяқсыз қалдырады. Автордың соңғы жолы ерекше мәнге ие. Автор дәл осы жол арқылы алдыңғы айтқан бүкіл ойларын космостық деңгейге көтереді. Ең алғашқы жол мен соңғы жол бір мәнді білдіріп, арадағы ойлар қайталанып отыратын циклды құрайды. Дегенмен өлеңде қайталанып тұрған мағына жоқ, тек автордың ой ағыны бір арнамен шеңбер жасай отырып, сана ағымының шексіздігіне бет алады, сол негізде соңғы тармақты ашық жүйе ретінде қалдырады.

Қорытынды. Біз мәтінді когнитивті тұрғыдан талдаған кезде, мәтінмен байланысты барлық факторларды ескеріп отырамыз. Оның ішінде тілдік және тілдік емес факторлар да болуы мүмкін. Когнитивті талдаудың дәстүрлі-құрылымдық түрдегі талдаудан айырмашылығы мәтін өрісін тікелей таныммен байланыстыра талдаудан көрінеді. Біз дәстүрлі-құрылымдық бағыт бойынша шығарманы дайын өнім ретінде, өз алдына бөлек бір құрылым ретінде қарастырамыз. Ал когнитивті бағыттағы зерттеулер шығарманы автормен ірлікте қарастырады. Ондайда шығарма дайын өнім ретінде емес, жарыққа шығу барысындағы сыртқы және ішкі факторларымен қоса қаралады. Яғни шығарманы өмірге әкелуде автор танымында қандай құбылыстар орын алуы мүмкін? Автор шығарманы қалай өмірге алып келді? деген сұрақтар төңірегінде ізденеміз. Олардың бәрі де мәтіндегі тілдік бірліктерден көрінеді. Мысалы, біз гештальт негізінде концептінің концептосферада қандай мәнге ие болатынын анық аламыз. Гештальт құрылым автор танымында қандай да бір ұғымның кодталу процесін ой сурет арқылы береді. Өлеңде гештальттық құрылымдар жиі кездеседі. Бірнеше концептінің бір ғана өлеңде берілуі автор танымын қаншалық бай екенін ғана көрсетіп қоймайды. Концептілерді автор дайын күйінде қолданғандықтан, өлеңнің мәні автор танымымен ғана шектелмей, концептінің жиынтық мағынасымен де байланыса отырып кең тұрғыда ашылады.

С. Тлеубаев, Г. Халидуллаева, А. Шегебаев, А. Киргизбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТОВ В ПОЭЗИИ Т. АБДИКАКИМОВА

Аннотация. Т. Абдикакимов – поэт-постмодернист, отличающийся своим почерком в поэзии современной казахской литературы. Стихи поэта отличаются широким познавательным представлением понятий, сочетающихся с национальным и древнетюркским, а также собственным и общечеловеческим опытом образования. Если мы определим эти понятия как познавательную категорию, то остановимся на концептах в творчестве автора. С помощью концептуального анализа поэзии раскрываем кодовое, знаковое, символическое, архетипическое, сакральное, эмоциональное значение концептов в тексте, интерпретируем и внетекстовые факторы, связанные с течением сознания. Тогда концепт – это, по нашему пониманию, форма сложного смысла в течение сознания, закодированная через какое-либо языковое единство. «Концепт можно рассматривать как символ, представляющий мир, способный дать определенное значение». При этом есть основание полагать, что один из основных критериев литературы, начинающейся с Платона, – «глобальные истины, о которых говорится в литературе» определяется концептом «определяющий формирование литературной теории». В концептуальном анализе произведения подробно раскрывается множество значений, относящихся к одному и тому же слову, которое является концептом, и определяется роль маркировщика в жизни произведения и место его в познании автора. В концептуальном анализе произведения подробно раскрывается множество значений, относящихся к одному и тому же слову, которое является концептом, и определяется роль маркировщика в жизни произведения и его место в познании автора. То есть язык, в том числе одна языковая единица, используется в тексте произведения вне своего лексического значения, более широкого спектра смыслового поля, охватывающего все время и пространство своего использования, сохраняя свою самостоятельную, живую природу, в дальнейшем придавая новое значение авторскому использованию. От этого мы определяем влияние слов на стихотворение, т.е. на творческую личность, а также, наоборот, на словообразование творческой личности. Здесь большое значение имеет символическое значение концептов. «...сам символ – это превращение слова в энтелехию (внутреннее желание, цель, движущая сила)». Концепт в поэзии через различные функции своего контекста определяет факторы, происходящие в явлении единения человеческой души и мощности слова. Типы концептов и концептов, таких как гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, мыслитель, концептуальные методы проявляются в познавательных особенностях и потоке сознания творческой личности в использовании языка, а в эмоциональном слое, отражающем смысловое поле концепта – состояние души автора. Здесь и значение концептуального анализа.

Ключевые слова: концепт, концептуальный анализ, гештальт, поток сознания, познание, символ языка.

S. Tleubaev, G. Khalidullayeva, A. Shegebaev, A. Kyrgyzbayeva

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

FEATURES OF CONCEPTS IN T. ABDIKAKIMOV'S POETRY

Abstract. T. Abdikakimov is a postmodern poet, distinguished by his signature in the poetry of modern Kazakh literature. Poems of the poet are distinguished by a wide cognitive representation of concepts combined with national and ancient Turkic, as well as their own and universal human experience of education. If we define these concepts as a cognitive category, then we will dwell on concepts in the work of the author. Using a conceptual analysis of poetry, we reveal the code, symbolic, symbolic, archetypal, sacred, emotional meaning of concepts in the text, and we interpret non-textual factors associated with the course of consciousness. Then the concept is, in our understanding, a form of complex meaning in the course of consciousness, encoded through some kind of linguistic unity. «A concept can be seen as a symbol representing the world, capable of giving a certain meaning». At the same time, there is reason to believe that one of the main criteria of literature starting with Plato is «global truths, which are mentioned in the literature» is determined by the concept «determining the formation of literary theory». In the conceptual analysis of a work, many meanings are revealed in detail, referring to the same word, which is a concept, and the role of the marker in the life of the work and its place in the knowledge of the author are determined. In the conceptual analysis of the work, many meanings are revealed in detail, referring to the same word, which is a concept, and the role of the marker in the life of the work and its place in the knowledge of the author are determined. That is, a language, including one linguistic unit, is used in the text of a work outside its lexical meaning, a wider range of semantic fields, covering all the time and space of its use, preserving its independent, living nature, further giving new meaning to author's use. From this we determine the influence of words on the poem, i.e., on the creative person,

and also, on the contrary, on the word-formation of the creative person. The symbolic meaning of the concepts is of great importance here. «... the symbol itself is the transformation of a word into entelechy (inner desire, goal, driving force)». A concept in poetry through various functions of its context determines the factors that occur in the phenomenon of the unity of the human soul and the power of the word. Types of concepts and concepts, such as gestalt, frame, script, script, thinker, conceptual methods are manifested in cognitive features and the stream of consciousness of the creative person in the use of language, and in the emotional layer, which reflects the semantic field of the concept, is the state of mind of the author. Here is the meaning of conceptual analysis.

Keywords: concept, conceptual analysis, gestalt, flow of consciousness, cognition, language symbol.

Information about authors:

Sovethan Tleubaev, Candidate of Philology, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, tleubaev63@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4854-2699>;

Gulzhamal Khalidullayeva, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, khalidullaeva1995@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4533-8668>;

Aibek Shegebaev, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, Aibek.shegebaev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-8079-4303>;

Aigerim Kyrgyzbayeva, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, a.qirgizbaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6977-9284>

REFERENCES

- [1] Əmirbekova A.B. *Qazirgi qazaq til bilimindegi zhaŋa baryttar*. Almaty: Eltanym, 2011. 204 b.
- [2] Rajan M. Ədəbiət teoriyası: Kirişpe. Almaty: «Ylttyq audarma byurosy» qoramdyq qory, 2019. 292 b.
- [3] Zhamanbaeva K.Ə. Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emociya, simvol, tildik sana. Almaty: Fylym, 1998. 137 b.
- [4] Əbdikəkimov T. Alqonyr dnyie. Olenđer, balladalar, tolraular. Astana: Foliant, 2014. 324 b.
- [5] https://m.facebook.com/profile.php?id=100009416123191&fref=nf&refid=52&_ft_=mf_story_key.2530390670618112%3Atop_level_post_id.2530390670618112%3Atl_objid.2530390670618112%3Acontent_owner_id_new.100009416123191%3Athrowback_story_fbid.2530390670618112%3Astory_location.9&__tn__=C-R